

ӘОЖ 341.43

**ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ БОСҚЫНДАР МӘСЕЛЕСІ**  
**(Ирак босқындары мысалында)**

**Оразмуратова Гулниса Кырыкбайкызы**  
[raya.amirkhan@mail.ru](mailto:raya.amirkhan@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті  
шығыстану кафедрасының 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – С. Тулеубаева

Ирак халқы жарты ғасырдан бері соғыс, саяси тұрақсыздық пен қақтығыстарды бастан кешіріп келеді. Иран-Ирак соғысы (1980-1988), Ирактың Кувейтке басып кіруі (1990) және 1991 жылғы Парсы шығанағындағы соғыс зардабынан миллиондаған халық елін тастап, жат жерге кетуге мәжбүр болды. Жиналған мәліметтер бойынша, осы кезге дейін әлемде 6,5 млн-ға жуық ирактықтар ішінара немесе шет елге қоныс аударуға мәжбүр болған. Бұл көрсеткіштің 4 млн-нан астамы Иракқа қайтып оралды. Ал, Ирактың өзінде ішкі қоныс аударушылар саны 2 миллион адамды құрайды [1]. Дегенмен, олардың нақты санын көрсету қиын. Себебі, Ирактық мәжбүрлі қоныс аударушылар үшін БҰҰ босқындар мәселесі бойынша агенттігіне (БҰҰ БЖКБ) тіркелу міндетті болып табылмайды. Сонымен қатар, кейбір ирактық қоныс аударушылар депортациялану қаупінен қашып, халықаралық агенттіктердің көмегіне жүгінбейді. Жалпы әлемдегі ирактық босқындардың көп бөлігі көршілес Иордания, Сирия мемлекеттерінен пана іздесе, аз бөлігі Египет, Иран, Ливан, Түркия және Парсы шығанағы елдеріне қоныс аударды. Ирак тарихындағы соңғы еріксіз көші-қон 2003 жылғы АҚШ бастаған соғыс және соғыстан кейінгі діни негіздегі зорлық-зомбылықтан бастау алады. АҚШ коалициясының Иракқа басып кіруінен пайда болған бұл үдеріс Таяу Шығыстағы Израиль мемлекеті Палестина жерінде құрылғаннан кейінгі ең ірі қоныс аудару болып табылады.

2001 жылы 11 қыркүйекте АҚШ-тың Нью-Йорк қаласына кезегімен төрт бірдей жанкешті шабуылдар жасалынды. Бұл оқиға АҚШ-тың Таяу Шығыстағы кең тараған интервенциясы мен шиеленісіне толы дәуіріне бастау болды. Кейіннен «әл-Қағида» лаңкестік ұйымы Нью-Йорктағы барлық террорлық актілерді ұйымдастырғанын өз мойнына алды. Сол кезде жаңадан сайланған Джордж Буш үкіметі тарапынан Иракқа «әл-Қағида» лаңкестік ұйымын террорлық әрекеттерде қолдады және жаппай қырып жою қаруын жасырын иемденді деген айыптар тағылып (кейін қару-жарақтың барлығы дәлелденбеді), америка-ағылшын әскери корпусы екі жылдан кейін Иракқа басып кіреді. Коалицияға кейбір Батыс елдерінің бөлімшелері де қосылды. Дегенмен, батыстық интервенция БҰҰ тарапынан еш қолдау таппады. Буш үкіметі Ирак халқын Саддамның диктаторлық режимінен құтқарып, елде демократия мен әділдік орнатуға уәде етті. Әскер жағынан да, техника жағынан да басымдылығы американдық корпусқа Иракты бір ай ішінде басып алып, 24 жылға созылған Саддам режимін құлатуға мүмкіндік берді. АҚШ соғыстан кейін Ирактағы билікті мүмкіндігінше тез ауыстырып, диктатура орнына демократия орнатуға тырысты. Бірақ, АҚШ тарапынан қауіпсіздік бойынша міндеттемелердің дұрыс орындалмауы этникалық қақтығыстардың өршуіне алып келді. Бұл өз кезегінде, халықтың жаппай қоныс аударуына түрткі болды. Саддам режимінің құлауы терроризм, сепаратизм, конфессиялық және этникалық қақтығыстарға жол ашты. Елдегі сүнниттердің шииттерге, күрдтердің арабтар мен түрікмендерге, мұсылмандардың христиан, езид және басқа да діни-конфессия өкілдеріне қарсылығы өрши түсті. Әсіресе, Баас партиясы кезінде құқықтар аясы шектелген шииттер мен күрдтер «демократиялық бостандықты» пайдаланып, бұрынғы «қысымшылдарды» (сүннитер мен арабтар) езгіге ұшырата бастады. Осылайша, соғыстан кейін Америка үкіметінің уәде берген демократиясы мен бейбіт өмірі елдегі зорлық-зомбылық пен тұрақсыздыққа айналды. Бұл тұрақсыздық көп өтпей Таяу Шығыс тарихын өзгерткен азаматтық соғысқа ұласты. Бейбіт тұрғындар әр түрлі бүлікшіл топтар мен сектанттық жасақтардың нысаны болды.

2006 жылы Бағдаттың солтүстігінде орналасқан Самарра қаласындағы шииттердің қасиетті мешіті аль-Аскариге лаңкестік шабуыл жасалынды. Оған жауап ретінде сүнниттердің көптеген мешіттері қиратылды. Осы оқиғалардан кейін елдегі қоныс аудару жаппай сипатқа ие бола бастады. Елдегі кең етек алған бұл үдеріс әлеуметтік өмірге кері әсерін тигізді. Денсаулық сақтау және білім беру қызметтері күрт төмендеп, жұмыссыздық бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Халықтың жартысынан астамы жұмыссыз қалып, ел ашаршылық қаупінде тұрды.


2011 жылы тоғыз жылға созылған АҚШ интервенциясы ресми түрде Ирактағы әскери іс-қимылдарын аяқтады. 2006-2011 жж. қоныс аударған халықтың басым бөлігі Бағдад, Дияла, Киркук, Нинева және Салах-ад-Дин мұхафазаларынан (әкімшілік) болды. БҰҰ БЖКБ 1951

жылғы Конвенциясы және 1967 жылғы Хаттамасына немесе босқындар мәртебесіне байланысты құжаттарға қол қойған елдерге осы провинциялардан шыққан еріксіз көшкіндер үшін босқын мәртебесін қабылдауды ұсынды. Елдің құғын-сүргін қаупінен аман аймақтарындағы халықты да қоныс аударған жағдайда босқын ретінде қарастыруды алға тартты. Сонымен қатар, Иракты оккупацияға дейін тәрк еткен және елдегі жағдайға байланысты қайта алмайтын қоныс аударушылар да босқын мәртебесіне лайықты деп табылды. Ирактық қоныс аударушылар босқындар конвенциясында көрсетілген *prima facie* санатына жатқызылып, құқықтары босқындар мәртебесіне сәйкес келетін болжалды анықтамаларға негізделді [2, 216.]. Бірақ, ирактықтардың басым бөлігін қабылдап алушы Сирия мен Иордания жоғарыда көрсетілген құжаттардың мүшесі болып табылмайды. Сондай-ақ, босқындар туралы ұлттық заңнаманы да қабылдаған жоқ. Сондықтан, ирактық босқындар бұл елдерде босқын ретінде емес, уақытша заңсыз иммигранттар ретінде қабылданды. Тіркелген ирактықтарға босқын құқықтарын ұсыну үшін «пана іздеуші» картасын беру қарастырылған. Өзге араб елдері ирактықтарды радикалды идеяларды таратады деген күдікпен, заңнамалық деңгейде элеуметтік-экономикалық инфрақұрылымға енуіне жол бермеді. Иран Иракпен шекарасын жауып, Саудия Корольдігі және Кувейт босқындарды өз аумағына қабылдаудан бас тартты.

Ирактан қоныс аударған халықтың басым бөлігі кәсіби мамандар мен зиялы қауым өкілдерінен құралды. Oxfam-NCCI (Ирактағы ҰЕҰ комитеті) зерттеу нәтижелері бойынша, кәсіби мамандарға бағытталған мақсатты қудалау елдегі 40% кәсіби мамандардың шет елге қоныс аударуына себеп болған. Ирак медициналық қауымдастығына 2003 жылы тіркелген 34 мың дәрігердің 50 пайызы елден кеткен. Сонымен қатар, университет және мектеп оқытушыларының 230-ы соғыс барысында өлтіріліп, 3000-ға жуығы шекара асуға мәжбүр болған [3, 1036.]. Қоғамдағы зиялы таптың қоныс аударуы елде азаматтық қоғам мен тиісті зайырлы оппозиция орнауына кері әсерін тигізді. Сондықтан, кейбір көтерісшіл топтардың өзін-өзі ұйымдастыруы діни орталықтардың айналасында жүре бастады. Барлық араб әлемінен Америкаға қарсы террористік топтар Иракқа ағылды. Нәтижесінде, елде бұрын-соңды болмаған әртүрлі террористік ұйымдар бой көтере бастады. Әсіресе, 2014 жылдан бастап «Ирак және Шам Ислам мемлекеті» (ИШИМ) лаңкестік тобы хаостық жағдайды пайдаланып, елде едәуір күшін орната алды. ИШИМ-нің содырлары елдің ірі қалалары Бағдат, Тикритті басып алды. Кейіннен ИШИМ өз атауын «Ислам мемлекеті»-не (ИМ) өзгертіп, әл-Багдадиді «халифа» деп жариялады. ИМ Ирактағы конфессияаралық шиеленісті одан әрі ушықтыру мақсатында діни азшылықтарға, әсіресе, шииттер мен езидилерге қарсы жанкешті шабуылдар ұйымдастырды. Нәтижесінде, мыңдаған халық өлтіріп, ішкі қоныс аударушылар мен босқындар саны және миллиондаған адамға өсті. Сириядан жүздеген жиһадшылар шекарадан өтіп, Анбар провинциясының солтүстігінде Мосулды және орталық аймақтардың көп бөлігін тез басып алды. ИМ-нің қол астына өткен елді-мекендерде адамдарды өлтіру, себепсіз қамауға алу, әйелдерге қатысты дискриминация, мәжбүрлі неке секілді адам құқықтарын аяқ асты ететін іс-әрекеттер орын алды. Ирактың өзіндегі тоқтаусыз зорлық-зомбылықтан халықтың басым бөлігі Күрдістан аймағынан пана іздеді. ИМ содырлары тарапынан Ирактың орталық бөлігіндегі Анбар мұхафазасындағы күрдтерге қарсы қудалау жарты миллионға жуық халықты қоныс аудартып, белгісіз сандағы тұрғындардың өліміне әкелді. Нинева провинциясындағы содырлардың аяусыз жауыздығынан қашқан езидилер мен христиандар Синжар тауын уақытша паналады. Кейіннен, олар Күрдістан аймағындағы босқындар лагерлеріне қашуға мәжбүр болды. БҰҰ-ның кезекті отырысында Ирактың БҰҰ-дағы өкілі Мұхаммед Али әл-Хаким ИМ-нің ирактық азшылықтарына қарсы іс-әрекеттерін «геноцид» деп атады. Ол Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелеріне: «Террористік топтар бүкіл адамзаттық құндылықтарға қарсы шығуда. Олар Ирак халқына; шииттерге, сунниттерге, христиандарға, түркімендер мен езидтерге қарсы ең ауыр лаңкестік әрекеттер жасауда. Бұл, шын мәнінде, адамзатқа қарсы жасалған геноцид және олар халықаралық сот алдында жауап беруі керек», – деп мәлімдеді [4].

ИМ мен коалициялық күштер арасындағы шиеленіс зардабынан халық бұрын-соңды болмаған көлемде жер аударды. Қақтығыстың тез басталғандығы және оның динамикалық сипаты халықтың құнды заттарынсыз, соның ішінде жеке бас құжаттарынсыз қашуына себеп болды. Жеке бас құжаттарынсыз қауіпсіз аймақтарға көшірілу және керекті гуманитарлық көмек алу мүмкін емес еді. Жалпы, 2014 жылдан бері 5,6 млн-ға жуық ирактық қоныс аударып, оның 1,4 млн-ы Ирактың өзінде пана іздеді. Олардың саны мен орналасқан аймақтары келесі №1 диаграммада көрсетілген:

**Диаграмма 1. 2014-2021 жж. ішкі қоныс аударушылардың ең көп шоғырланған мухафазалардағы саны [5]**



Ішкі қоныс аударушылардың көпшілігі таза су, электр қуаты секілді қарапайым қажеттіліктерге қол жеткізе алмады. Үкімет тарапынан оларды өз үйлеріне қайтару туралы жоспар қарастырылмады. Екі миллионнан астам еріксіз көшкіндер мәселесі премьер-министр Хайдар аль-Абадидің алдында шешілуі керек үлкен қиыншылықтардың бірі болды. Бірақ, ол босқындар мәселесін реттеуден гөрі алдағы сайлауда жеңіске жетуге көп күшін салды. Елдегі қауіпсіздік жағдайы нашарлаған сайын, гуманитарлық ұйымдардың мұқтаж жандарға көмек көрсетуі де қиындай түсті. Сондықтан, ирактықтар ішкі қозғалыстан кейін қауіпсіздік пен қорғаныс іздеп шет елдерге қашуға мәжбүр болды.

2015 жылы АҚШ бастаған терроризмге қарсы коалицияның қолдауымен Ирак әскерилері ИМ жаулап алған жерлерді азат ету науқанын бастады. Мосул 2017 жылдың шілдесінде қайтарылып, қараша айына дейін содырлар батыстағы соңғы бекініс – Рава қаласынан қуылды. Желтоқсан айының басында елдегі террористік топқа қарсы соғыс аяқталды. Босқындардың 4 млн-нан астамы Иракқа қайта оралды (№ 1 диаграмма). Гуманитарлық ұйымдар репатриацияның басым бөлігі мерзімінен бұрын, қауіпті әрі мәжбүрлі түрде іске асырылды деп санайды. Себебі, қайта оралған ирактықтар үшін негізгі инфрақұрылымдар, коммуналды қызметтер, жұмыспен қамтамасыз ету секілді қызметтер қарастырылмады. Онымен қоса, ел ішіндегі зорлық-зомбылықтың қаупі әлі сейілмеген еді. Сондықтан, БҰҰ ирактық босқындарды қабылдап алған мемлекеттерге оларды шыққан аудандарына мәжбүрлеп қайтарудан аулақ болуға шақырды.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. About the Crisis in Iraq [электрондық ресурс] // URL: [http:// \[https://www.unrefugees.org/emergencies/iraq/\]](http://https://www.unrefugees.org/emergencies/iraq/) (қаралған күні: 12.03.2021)
2. Rutinwa B. Prima facie status and refugee protection. – Geneva: UNHCR, 2002. – 27 p.
3. Lischer SK. Security and Displacement in Iraq: Responding to the Forced Migration Crisis // International Security. – Wake Forest University, 2008. – Vol.33. – № 2. – P. 95-119.
4. Родионова М. М. Международная реакция на массовые убийства езидов в Ираке [электрондық ресурс]. – 2015. – URL: [http:// \[http://www.iimes.ru/?p=24420\]](http://http://www.iimes.ru/?p=24420) (қаралған күні: 15.03.2021)
5. Iraq UNHCR IDP operational update. – UNHCR, 2014. – 5 p.